

"Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі № 582 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 18 қыркүйекте № 17385 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10371 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2015 жылғы 2 сәуірде № 59 (28537) болып жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2018 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2018 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 582 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 959 бұйрығымен
бекітілген

Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

№	Біліктілік талаптар	Құжаттар	Ескертпе
1-тарау. Жеке күзет ұйымының, оның ішінде филиалының және өкілдігінің басшысы лауазымын:			
1.	Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ	Жеке куәлік	"Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасынан алу (бұдан әрі – ЖТ МДБ)
2.	жасы 19-дан төмен		
3.	жоғарғы заңгерлік білімінің немесе Қарулы Күштерде, өзге де әскерлер мен әскери құрамаларда командалық лауазымдарда немесе құқық қорғау және арнайы органдарда басшы лауазымдарында кемінде үш жыл жұмыс өтілі жоқ	Осы біліктілік талаптарына және құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны	Осы талапқа сәйкестігі лицензиар бөлімшесінің өтініш берушінің, лицензиаттың қызметті жүзеге асыру орны бойынша тексеруі арқылы расталады
4.	арнайы даярлықты өтпеген		

5.	денсаулық сақтау органдарында психикалық ауру, маскүнемдік немесе нашақорлық бойынша есепте тұратын	Психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерден медициналық анықтамалар	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі – ҚР ДСМ АЖ) алу
6.	қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар	Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен алу (бұдан әрі – ҚСЖАЕК ААЖ)
7.	Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған	Адамның қылмыстық және/немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер	ҚСЖАЕК ААЖ алу
8.	күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған, сондай-ақ күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымында болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған		
9.	бұрын күзетшісі болып жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 149, 434, 436, 438, 439, 440, 443, 450, 453, 462, 463, 464, 469, 470, 476, 477, 478, 479, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 494, 495, 496, 504, 506, 653, 654, 658, 659, 665, 667, 669, 670, 673, 675-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған		
10.	мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептермен босатылғанына үш жыл болмаған	Еңбек қызметін растайтын құжат көшірмесі	
11.	жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан жағымсыз себептермен босатылғанына үш жыл болмаған адамдар атқара алмайды		

2-тарау. Күзетші лауазымын:			
1.	Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ	Жеке куәлік	ЖТ МДБ алу
2.	жасы 19-дан төмен		
3.	арнайы даярлықты өтпеген	Осы біліктілік талаптарына және құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны	Осы талапқа сәйкестігі лицензиар бөлімшесінің өтініш берушінің, лицензиаттың қызметті жүзеге асыру орны бойынша тексеруі арқылы расталады
4.	денсаулық сақтау органдарында психикалық ауру, маскүнемдік немесе нашакорлық бойынша есепте тұратын	Психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерден медициналық анықтамалар	ҚР ДСМ АЖ алу
5.	қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар	Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама	ҚСЖАЕК ААЖ алу
6.	Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған	Адамның қылмыстық және/немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер	ҚСЖАЕК ААЖ алу
7.	күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған, сондай-ақ күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымында болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған		
8.	бұрын күзетшісі болып жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 149, 434, 436, 438, 439, 440, 443, 450, 453, 462, 463, 464, 469, 470, 476, 477, 478, 479, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 494, 495, 496, 504, 506, 653, 654, 658, 659, 665, 667, 669, 670, 673, 675-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған		

9.	мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептермен босатылғанына үш жыл болмаған	Еңбек қызметін растайтын құжат көшірмесі	
10.	жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан жағымсыз себептермен босатылғанына үш жыл болмаған Қазақстан Республикасының азаматтары атқара алмайды		
3-тарау. Ұлттық компаниялардың күзет ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптары			
1.	Күзет қызметіне қойылатын біліктілік талаптардың 1, 2-тарауларында көзделген талаптар;	Күзет қызметіне қойылатын біліктілік талаптардың 1, 2-тарауларында көзделген құжаттар тізбесі	
2.	Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін бақылауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органның ұлттық компаниялардың күзет ұйымдарын құру құқығын келісуі.	Уәкілетті органның ұлттық компаниялардың күзет ұйымдарын құруына келісуі	Ұлттық компаниялардың күзет ұйымдарын құруына келісім-хат

Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымша

Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны

1-тарау. Жалпы ақпарат

1. _____
(бизнес идентификациялық нөмірі)

2. _____

(занды тұғаның атауы)

2-тарау. Күзет ұйымының басшысына, сондай-ақ олардың филиалдары және өкілдіктері басшыларына біліктілік талаптары туралы мәліметтер

3. _____

(мамандығы мен біліктілігі)

4. _____
(лицензияланатын қызмет түрінің профилі бойынша жоғары білімі туралы дипломның №)

5. _____

(дипломның берілген күні)

6. _____

(оқу орнының атауы)

7. _____

(жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың-жеке еңбек келісімшартының нөмірі)

8. _____

(жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек келісімшартының күні)

9. _____

(арнайы бағдарлама бойынша даярлық курсынан өткен куәліктің нөмірі)

10. _____

(арнайы бағдарлама бойынша курстан өтуі туралы берілген куәліктің берілген күні)

11. _____

(даярлау және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған

оқу орталығының атауы)

12. _____

(даярлау және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған

оқу орталығының заңды мекенжайы)

13. _____

(психоневрологиялық диспансерден медициналық анықтаманың №)

14. _____

(психоневрологиялық диспансер анықтамасының берілген күні)

15. _____

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

16. _____

(наркологиялық диспансерден медициналық анықтаманың №)

17. _____

(наркологиялық диспансер анықтамасының берілген күні)

18. _____

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

19. _____

(соттылығы жоқтығы туралы анықтаманың №)

20. _____

(соттылығы жоқтығы туралы анықтаманың күні)

3-тарау. Уәкілетті органның келісуі туралы мәліметтер

21. _____
(Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің келісу хатының №)

22. _____
(Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің келісу хатының күні)

4-тарау. Лицензиялық алымды төлеу

23. _____
(төлем сомасы)

5-тарау. Құжаттарды қоса беру (қосымша)

24. _____
(төлеу туралы құжатының №)

6-тарау. Тапсырысты қабылдаған лауазымды тұлғаның жауакершілігі

25. _____
(тапсырысты беру күні)

_____/_____
Тапсырысты қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. қолы
(болған жағдайда)